

ШҚ ББ «ҚМИ» КММ асханасын тексеру туралы
АКТiсi

10 қантар 2023ж

Шымкент қ.

Мектеп-интернаты асханасында "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының орындалу туралы мына төмендегі комиссия мүшелері тексеру өткізді:

- 1.Шорабек Н.Ш.- төраға, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
- 2.Сарсенбаева П.К.-төраға орынбасары, диетикалық бике
- 3.Ормаканова А.К.-кәсіподақ төрайымы
- 4.Келимбетова У.У.-ата-аналар комитетінің төрайымы
- 5.Байлесова Ш.К.-дәрігер

Бақылау сұрақтары:

- 1.Дайындалған тағам көлемінің жеке порция көлеміне және тәрбиеленушілер санына сәйкестігі
- 2.Азық-түлік өнімдерін өткізу мерзімін және тағамды дайындау сапасын бақылау.

3.Күнделікті мәзірдің дұрыстығы

- 1.Тексеру кезінде асханада бекітілген ас мәзірі бар
- 2.Дайындалған тамақ ас мәзіріне және нормаға сай дайындалған. Тоңазытқышта бақылау тамақтары қойылған.

Түскі ас: 1.Тұздалған қырық қабат салаты-100 гр.; 2.Күріш, маш сүйек сорпасы-350 гр.; 3.Қуырған тағам (жаркое)-70/200 гр.; 4.Нан-100гр.; Анар шырыны-200 гр.

3.Тамақ қабылдап болғаннан кейін столдар залалсыздандырып сүртіліп отырылады.

4.Қоймада алынған азық-түлікті таразыға тартқанда құжатпен сай болды

5.Асханада «Асхана ережесі» бар және екі апталық ас мәзірі дайындалған

Бөлінген тағамдардың массасы тағамның шығысына сәйкес келді.

Азық-түлік өнімдерін өткізу мерзімдері сақталады.

Шешім: 2023 жылдың 10 ақпандағы мекемедегі тағамның сапасы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес келеді, ас мәзірі қолданыстағы заңнама құжаттарына сай жасалып отырады.

Комиссия мүшелері:

Шорабек Н.Ш.

Сарсенбаева П.К.

Ормаканова А.К.

Келимбетова У.У.

Байлесова Ш.К.